

Қарағанды облысы білім басқармасы Шахтинск қаласы білім бөлімі  
«Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ

Бракераж комиссиясы отырсының  
№ 1 ХАТТАМАСЫ

16.09.2022 ж.

**Қатысқандар:**

Комиссия төрайымы –	
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Н.М.Мухаметжанова
Комиссия мүшелері –	
Ата-аналар комитетінің төрайымы	Б.С.Мейрамова
Қамқоршылық кеңесінің төрайымы	Ж.К.Даткина
Әлеуметтік педагог	Д.К.Нажмиден
Медбике	Х.Жанахметова

**Күн тәртібі:**

1. Комиссия мүшелерінің міндеттерімен танысу, жұмыс жоспарын құру.
2. Оқушылар ыстық тамақпен және тегін ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Мухаметжанова: ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын негізінде ыстық тамақты сапалы ұйымдастыру мақсатында бракераждық комиссия құрылды. Бракераж комиссиясының құрамы міндетті түрде ұйымдағы медицина қызметкерін, объект әкімшілігінің өкілін, ата-аналар комитетінің өкілін кіргізе отырып объект басшысының бұйрығымен айқындалады. Комиссия мүшелері және кезекші мұғалімдер кестесі құрылып, бекітілді. Күнделікті оқушылар тегін ыстық тамақпен және ақылы тамақпен қамтылуы мектеп әкімшілігі, кезекші мұғалімдер тарапынан қатаң бақылауға алынды. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен күнделікті қамтылуы туралы ай сайын сынып жетекшілерден есеп алынып, әр сынып бойынша мониторинг жүргізіледі. Мектеп – лицей бойынша асхана жұмысын қадағалайтын комиссия мүшелері кез келген уақытта тексеріп, актілеп отырады. Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшалары, рұқсаттары толық бар. Санитарлық-гигиеналық жағдайы, оқушыларды тамақтандыру қызметінің сапасы өз деңгейінде. Асхана жұмысы бойынша ескертулер жоқ.

**Шешімі:**

1. Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмыстары жоспар бойынша жалғастырылсын.

**2-мәселе бойынша** әлеуметтік педагог Д.К.Нажмиден өз сөзінде оқушылар мен тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде балаларды тамақтандыру нормалары «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысымен таныстырды. Тамақтану залында білім беретін

мекеменің басшысы бекіткен тамақтардың атауы, рецептуралар жинақтарына сәйкес сілтемесі мәзір күн сайын ілінуге тиіс. Күнделікті мекеменің медициналық қызметкері дайын тамақтың сапасын бақылау (бракераж) журналына жазба енгізу арқылы дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді. Сонымен қатар, ас блоктарына дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалауды бракераж комиссиясы жүргізеді.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында 1-4 сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілгені және 400 тг көлемінде тұратының айтып кетті. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет арқылы 5-11 сынып оқушылары санаттары бойынша электрондық портал бойынша тамақ ішетінің айтып кетті

Тегін ыстық тамақпен қамтылған барлық оқушыларға қатысты құжаттар жинақталған, әлеуметтік-тұрмыс жағдайын зерттеу актілері бар. Қалған оқушыларды тамақпен қамту ата-анасының есебінен төленетінін айтты.

**Шешімі:**

2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы үнемі бақылауда болсын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

  


Н.М.Мухаметжанова

Д.К.Нажмиден